

АҢДАТПА

Дипломдық жобаның тақырыбы: «Жоғары оқу орны үшін «Электрондық жатақхана» жүйесін дамыту».

Жоғары оқу орны үшін әзірленген «Электрондық жатақхана» жүйесі жатақхана коменданттарының және студенттер жатақханаларын тексеруге жауапты барлық қызметкерлердің жұмысын автоматтандыруға арналған. Сондай-ақ бұл жүйе сыбайлас жемқорлық факторын жоя отырып, студенттердің қоныстануында ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз етеді.

Дипломдық жоба web - платформа форматында орындалды. HTML, CSS, PHP, JavaScript сияқты технологиялар әзірленген дипломдық жобаның мақсатына жету үшін пайдаланылады.

Сонымен қатар, бағдарламаны әзірлеудің шығындары мен бағасының қаржылық есебі, әзірленетін жобаның қаржылық қажеттілігін бағалау жүргізіледі және өнеркәсіптік жарықтандырудың сапасын арттыру бойынша іс-шаралар ұсынылады.